

# Дәрігерлердің қуанышында шек болмады

Жанаргүл Мұқатай

Өскемендегі бір топ еңбек және ҰОС ардагерлері мен дәрігерлер Жаңа жылды жаңа пәтерде қарсы алатын болды. Өтепов көшесінде салынып біткен 95 пәтерлі тұрғын үйден пәтер алған ардагерлер мен медицина қызметкерлеріне облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ жаңа баспаналарының кілтін табыс етті.

Құрылыстың көбейіп отырғаны еліміздің одан әрі өсіп, өркендеп, дамып келе жатқанының жарқын көрінісі. Қазіргі күні Өскемен қаласының бір өзінде ғана 11 көп қабатты тұрғын үй құрылысы жүргізіліп жатыр. Осы жаңадан қанат жайып отырған 19-ықшам ауданның тұрғындары алдағы бес-алты жылдың ішінде 50 мыңға дейін жететін болады. Қазір бұл жаңа ауданда басталған тұрғын үй құрылысы нысандарының бәрінің

жылу, электр, сумен қамту желілері салынып жатыр. Тек биылғы жылы осы инфрақұрылымдарды салуға 1 миллиард 600 миллион теңге қаржы бөлінді, – деді жаңа пәтер иелеріне құтты болсын айтқан облыс басшысы.

Алты қабатты әсем үйден пәтер алып отырғандардың ішінде облыстық «Ана мен бала» орталығының жас дәрігерлері де бар.

(Соңы 2-бетте)

# Дәрігерлердің ҚУАНЫШЫНДА ШЕК болмады

(Соңы. Басы 1-бетте)

Орталық директоры Рая Рахимова өздеріне дәрігер болып келген 11 жас маманға осы үйден қызметтік пәтер бөлініп отырғанын айтты. Жастардың барлығы дерлік орталыққа биыл ғана келген. Неонатолог Ботагөз Ақашева мен хирург Рауан Жақыпов та өзге әріптестері сияқты Семейдің медициналық институтының биылғы түлектері екен.

— Осы уақытқа дейін пәтер жалдап тұрып келдім. Пәтер жалдап жүріп жұмыс істеген маған да біраз қиындықтар тудырды. Ал дәрігердің, оның ішінде балалар дәрігерінің міндеті мен жауапкершілігі екі есе ауыр. Үй болмай, күй болмайтыны белгілі. Оның үстіне өзіміз де жергілікті жерден емеспіз, Ақсуат ауылының маңындағы Қызылкесік деген ау-

ылданмын. Бүгін міне, қызметтік пәтер алып, арқамнан бір үлкен жүк түскендей болып, қуанышымда шек болмай тұр, — деп білдірді өз лебізін жаңа пәтердің кілтіне ие болған жас маман Рауан.

Бұл күні Ұлы Отан соғысының ардагері Зейнелов Қабдырашид ата да жаңа баспаналы болып, ағынан жарылып, алғысын жеткізді.

Ал ардагерлеріміз үшін бұл үйде барлық жағдай бар көрінеді. Алты қабат болса да үйге лифт орнатылыпты. Үйді салған «Еңбек-Өскемен» кәсіпорнының басшысы Р.Маматов құрылысты сапалы жүргізгендеріне сендірді. Пәтерлердің бәріне әрлеу жұмыстары жүргізіліп, санитарлық тораптар тиісті жабдықтармен қамтамасыз етілген.

